

Özet

Bu makalede Çim kazakları edebiyatındaki Rayhan İbikzının “Turumtay” şiir kolleksiyonu söz konusu olmuştur.

Резюме

В статье рассматривается поэтический сборник «Турумтай» крупного казахского поэта в Китае Райхана Ыбынқызы.

ӘОЖ 821.512.122.09

П. Адиева,

ф.ғ.к.,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана/Қазақстан

Ұлттық сөз өнеріндегі тыңдаушы және орындаушы категориялары

Андатпа: Жыр бастамас бұрын халық пен жырау арасында диалог болады деген сөз. Халық қандай жырды тыңдағысы келетінін де кейде айтып қалады. Өз руының батырларын, жасаған ерліктері туралы да жыр тыңдағысы келсе, жыршы немесе, жырауға отініш білдіреді. Бұның бәрі рухани салтанаттылықты туғызу барысындағы дәнекер орындаушының дайындығы. Тыңдаушысының айызын қандырып көңіл-күй салтанатын ояту үшін ол нағыз халықтың көңілінен шығатын жырларды таңдайды. Өздері айтатын жырлардың ерекше қасиетін жақсы білетін жыраулар ең алдымен тыңдаушысын сол жырларды жалықпай қызыға тыңдауға дайындап біраз қызықтырып, құнықтырып алады. Содан кейін барып жырау ұзақ желілі жырын бастап оны үзбей, бұзбай ұзақ таңға жырлауына болады.

Жыршы мен жыраудың арасындағы негізгі байланыстың тууына, әрине, жыр себепші болады. Жырдың ұрпақтан ұрпаққа ұмытылмай жетуі, осы “диалогты туғызушы тұлға” – орындаушы екендігін, оған осылай шартты ұғым беретінін нақты ғылыми тұжырымдармен дәлелденді. Мақалада осы үш эстетикалық категория (жыршы-тыңдарман-орындаушы) арасындағы шығармашылық байланысты біршама зерттей келіп, олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар екендіктері анықталады.

Кілт сөздер: сөз өнері, ұлттық әдебиет, әдебиеттану, әдебиет тарихы

Жыр – халық қазынасы. Ал, сол жырды жеткізуші жырау, жыршы. Жырдың құлаққа жетіп, тыңдарманның таңдайын қактыру — орындаушының қызметі. Олай болса, жыршы мен тыңдаушының арасында да жыр айту барысында үлкен байланыс болады. Ол қандай байланыс? Тыңдаушы тыңдап қана қоймайды. Орындаушы жырды бір сарынмен айтып қана қоймайды. Олай орындалатын болса, мүмкін бүгінгі жыр бізге жетпес еді. Демек, жырдың ұрпақтан ұрпаққа жетуі екі арақатынастың (диалогтың) нәтижесі деуге болады. Өз туындыларын қаумалаған көпшіліктің арасында бетпе-бет жүріп шығаратын айтушының, маңызды ой, ұтқыр дәлелді пікірлерін, жан дүниесінің, бүгін болмысының, рухани қажеттілігінің азығын, керегін орындаушымен қатар тұрып ләззатына қабылдайтын тыңдаушының бір-біріне ықпалы мол.

“Тыңдаушы категориясы автор категориясы сынды философиялық, эстетикалық, қоғамдық – саяси категория” [1, 8 б.].

Жыраудың репертуары, оның орындаушылығы – өз алдына өнер, әлгі мәтінмен шатастырмайтын өнер. “Халықтың тамаша эпостық жырларын айтушы жеке жыршы, жыраулар жайында, олардың орындайтын толық репертуары туралы, жыр айту ерекшеліктері жайында күрделі еңбек, көлемді мақалалар әзірге көп емес” [2, 180 б.]. Аталмыш тақырып құлаққа оғаш естілгенімен, расында диалогтың өрбуіне әсер ететін бірден бір тұлғалар әнші, ақындар, жыраулар, жыршылар, қулар екені сөзсіз. Осылай ізденіс жасап тақырып қоюымыздың өзіндік себебі бар. Жалпы фольклордағы диалогты зерттеу барысында “диалогты тугызушы тұлға” деп көрсету біздің шартты ұғым. Бірақ егер сол заманда осы тұлғалар болмаса, фольклор өз дәрежесінде жетпеуі мүмкін еді. Халық арасынан шыққан арнайы білімі жоқ, даланың тарландары мен дарындары бүгінгі әдебиеттің дамуына өз үлесін қосқаны сөзсіз. Үлкен эпостық жырлар жырау мен жыршы жеткізсе, айтысты, халық әндерін, тұрмыс-салт жырларын акын, сал-сері, әншілер орындап отырған. Ш.Әлібеков: “Олай болса сол халықтың мұрасын жеткізушілер мен зерттеушілердің орны ерекше. Жыр – халық ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан мұрасы. Оны жыраулар қобызға, домбыраға қосып белгілі бір әнмен, немесе күй сарынымен орындайды. Жырау аспаннан төккен нөсер жауындай жырды құйылдыра төгіп, екпіндете бастай ала жөнеледі. Жырдың өн бойында интонациялық екпін, ырғақ өзгеріп отырады. Жыр оркестрде ойнаған күй тәріздес, ішкі мазмұн, сезім, ой түйіні поэтикалық тілмен, ырғақпен өлшеммен астарласып жатады. Қазақ халқы жыраудың ролін қатты бағалаған. Олар халық арасында жыр жырлаудың шебері атанған дарынды адамдар”-дейді [3, 122 б.].

Мұндай мол сөз маржандарын адам баласының үзілмес нәсіліне, таусылмас қазына ғып, өшпес өнер дәрежесінде жеткізушілер – гректерге – азд. орта ғасырдағы француздарша – жанглер, немісше – шпильман, мейстерзшылар, казакша – жырау, қырғызша – жалокчу, өзбекше – бахиш, кавказдықтарша – ашуг, украинша – лирник, карело – финше – кантелик, якутша – олонгокут, моңғолша – тутьши, орысша – сказитель деп аталған [4, 90-100 бб.].

Қазақ халқында халықтық репертуарлар орындаушылық өнер үлкен орын алған. Орындаушылар қатарына ірі эпостық дастандарды жаттап айтқан жыршылар да қосылды. Жыраудың тегі – сыртқы және ішкі дүниелердің қайшылығынан туған. “Кие” ретінде ол жанды-жансыз дүниелерді үйлестіруші – көсем. (М.Әуезов)

Әдебиет тарихында “Қобыланды батырды” айтқан Марабай, Мергенбайлар “Қырымның қырық батырын” айтқан т.б жыраулар бізге белгілі. Бұлардың бәрін Ж.Әбілов дәкекер орындаушыларға жатқызады. “Осындай шебер актерларды ұлы адамдар қатарына жатқызуға болады. Олар ғажайып дастандарды кейінгі ұрпаққа жеткізумен қағар, орындау өнерінің де классикалық үлгілерін эпостағы хикаяларды әңгімелеу үстінде, ондағы сан алуан адам мінездерін де қоса ойнаған. Осының бәріне сай құбылыс үн ырғақтарымен бояуларын тапқан. Кейде олар аттың шабысын орындағанда домбыра арқылы аттың дүбірін де шығаратын болған. Сондай-ақ жылау, күлу сияқты адамның әртүрлі психологиялық өзгерістерін де айнытпай көрсете білген”[5, 10 б.] – дейді Ы.Дүйсенбаев, Ш.Құсайынов.

Ал Р.Бердібаев: “Талантты жыршы әншілігінің үстіне актер уәзипасын да атқарған. Эпостың әрбір қаһарманының портретін немесе іс-әрекетін, мінез ерекшелігін баяндаған сәттерде орындаушының да даусы құбылып, түрліше реңге ауысады. Мәселен, “Алпамыс” жырында батырды алдайтын мыстан кемпірдің мәздем сөздері, бас қаһарманның жау зынданынан шығып, еліне диуана кейпінде келгендегі көріністер, Алпамыстың атасы, әкесі, ұлы, әйелімен дидарласуы, Бадамша сақаумен айтысы түрлі дауыспен берілгенде солардың өз келбеттері де көзге елестегендей болады. Тыңдаушының ұғым, білім парасат деңгейін жыршы есепке алып, соларға әсер берерлік ұтымды тәсіл колданады”,-дейді [6, 53 б.]. Бұл жерде Р.Бердібаев жыршының

орындаушылық шеберінің өте жоғары дәрежеде екенін айтқысы келіп отыр. Жыршылардың жырдағы диалогты нақты дәлме-дәл көрсетуі, екі адамның пікірін тура сол кейпінде жеткізе білуі, қызметінің ұзаққа созылуы не келте қайырылып калуы, оның орындаушылық шеберлігіне байланысты екендігі.

В.Ю. Боров және Коваленко: “Автор мен тыңдаушы байланысы диалогты коммуникативті болғандықтан, байланыс құралдарының теориясы, семиотика, структурализм, герменевтика, феноменология, рецептивті эстетика салаларының пәнаралық зерттеуінен, бұл коммуникативті процестің формалды құрылымы анықталады” [7, 76 б.].

О. Кривцун сөздің адам ойын хабарлау құралы болуы, қабылдаушының санасында ой тудыруынан, сондықтан да жеткізілген бейненің поэтикалығы неғұрлым күшті болса, соғұрлым қабылдаушының ынта-ықыласын, толғанысын оятатындығын, қабылдаушы шығармаға үн қататындығын, толыққанды байланыс тек мәтін арқылы берілген оймен арқылы емес, қабылдаушының әріптестігі оянғанда, көрінгенде ғана іске асатындығын жазады [8, 172 б.].

“Ілкідегі бақсы ойынынан әліптөлген “мим” өнері арқылы әсер ету жыршы шығармасында артистизмді сақтап қалды. Біздің ойымызша, жыршының артистизмді пайдаланатын себебі – оқиға атаулы қимыл қозғалыстан тұратындықтан өзіне сәйкес, үндес ажарлауды тілейді. Демек кинематикалық қозғалыстар ырықсыз түрде, образ кескіндемесін толыққанды шығару үшін, жыршы шығармашылығында мақсатты түрде пайдаланады. (Ғ.Құрманғалиевтің артикуляциясы мен бет-әлпет мимикасы, Күндебай Алдонғаровтың түрлі аңдар дыбысын салуы, Әли Құрмановтың әрекет симметриясын бейнелеуі, Манасшылардың “мим” өнерін еске алыңыз.)”- дейді Б.М.Жүсіпов [9, 132 б.]. Тыңдаушының бар ынты-шынтысын өзіне аудару үшін жасалынған бұл әрекет, іс-қимыл қай жырауға да таңсық емес. Бірақ, сөз бен іс-әрекет сай болмаса да қырағы көрермен байқап қояды. Ұнамаған тұстарын мейлінше айтып, сол жерде сынға алады.

Ғалым Қ.Нұрланова қазақ ауыз әдебиетінде ғасырдан келе жатқан дәстүр айрықша қабылдау мәдениетін, тебірене, толғата отырып қабылдауды, үн катуды, шығармашылық әріптестікті, одақтастықты қалыптастырғандығын, шығарманың орындалу барысында дауыс құбылтуларын, айтылып отырған ойларға көзқарасы (дұрыстауы не терістеуі) тыңдаушы реакциялары арқылы көрініп, авторға да тыңдаушыға да ашылуға жағдай жасайтындығына тоқталады, ауызша туған әдебиеттің спецификалық тұстарын айқындайды [10, 24 б.].

Сөйлеудің пайда болу даму механизмдерін зерттеген Ф.Соссюр сөйлеу әрекетін бірнеше бөлікке бөлген. Бізге керегі: “актив бөлік және пассив бөлік: сөйлеушінің ассоциация туғызатын орталығынан тыңдаушының құлағына жететіннің барлығы – актив, ал тыңдаушының құлағынан ассоциация туғызушы орталығына баратындардың барлығы пассив болады” [11, 28 б.]. Әрине, тыңдаушы мен орындаушы аралығында жанды байланыс болғанмен диалог күңгірттеу көрінеді. Бұл жердегі қарым-қатынас таза репликаның жемісі деуге келмейді. Бұл диалогтың бастау көзі. Себебі, тыңдаушы болмаса, жырдың жырлануы немесе жырдың дүниеге келуі екіталай. Апталап, айлап жырланатын жырдың көрермені немесе тыңдаушысызсыз өмір сүруі мүмкін емес. Оған жоғарыдағы айтылған пікірлер де куә.

Ы. Дүйсенбаев, Ш. Құсайынов: “Кейде олар диалогпен сөйлесе, кейде монолог түрінде де орындайды. Сөйтіп, эпос жанры арқылы орындаушылардың өзі бір төбе өнершілер ретінде драмалық, комедиялық қабілеттерімен де ерекше көзге түскендігі мәлім” [5, 12 б.] – десе, Ж. Әбіл дәл осыларға сәйкес монокомедия деген тіркесті ендірді: “Монолог дегеніміздің өзі – сыңарланған диалог, себебі, адамның іштей өзімен-өзі сөйлесуі іштей диалогқа жатады”, – дейді [12, 85 б.].

Біршама айтыс тақырыбына да кеңінен тоқталған Т.Қоңыратбаев оның жыраулық өнермен байланысын айта тұрып, тартысқа құрылғанын да ескертеді. “Егер жырау-жыршылар ел естелігін

жеткізген қаһармандық сюжеттерді этникалық сана аясында жырласа, айтыс өнері әлеуметтік мәселелерге негізделеді. Алғашқысы монологтық, соңғысы диалогтық құбылыс: бірі – баяндау, екіншісі – тартысқа құрылған өнер салалары. Десек те поэзиялық және музыкалық құрылымы жағынан бұлар бір-бірімен ұқсас, сабақтас” [13, 233 б.]. Бұл жерде бір ескеретін нәрсе, жыр баяндауға құрылғанымен ішіндегі оқиғалар кейіпкерлер арасындағы сөздер, демек жырдың ішкі құрылымы диалогтардан тұрады. Және бұл жерде жырау диалогты жүргізуші ретінде отырады. Әрине, диалогты орындаушының қызметін жырау атқарады. Ал, айтыста диалогты туындатушы көзімізге көрініп отырған екі адам. Бұл жерде біз тыңдаушы мен жыршының арасындағы диалогты да айтып өтуіміз керек. Бірақ, ол диалог айтыс іспетті өлең сөзбен емес, қара сөзбен іске асып жатады. Және көрермен жыр жырлаушыға немесе сөйлеушіге бір ғана тақырыпқа байланысты сұрақ қойылса, айтыста әр тақырыпта әңгіме қозғалады.

Т.Тебегенов: “Әдебиет шығармаларындағы маңызды мәселелердің бірі – айтушы, туындыны жасаушы (автор) мен қабылдаушының (адресат) араларындағы байланыс. Бұл - әдебиеттік коммуникациялық қызмет”-дейді [14, 124 б.].

Атақты ғалым Ә. Диваев қандай сөзге түсінік жазса да оны халық поэзиясымен тығыз байланыста қарастырады. Ол мәселені қазақтың ақындық талантына әкеп тірейді. “Қырғыздар (қазақтар – Фл.О.) өлеңге қоспай кемде-кем ойнайды, ең маңыздысы оның сарнау сөзінде, музыка оны сүйемелдеу үшін қажет” [15, 4 б.], - деп сөз өнерін алғашқы кезекке қояды. “Манасшы тексті орындауда нақты ритмге салып, әр түрлі процесте ол ритмді ауыстырып, даусын көтеріп, төмендетіп жаңа интонация кіргізіп орындаған. Тыңдаушылардың алдында атақты эпостың ондаған персонаждары келген. Көрермен кейіпкердің жауымен, жолдасымен немесе сүйгенімен қалай сөйлескенін, оның жауға қарсы аттануын, садақты атқанын көз алдына елестете алатын жағдайда болған. Жыршы тек қана сөзбен емес, сондай-ақ, іс-әрекет (мимика, жест) қанды ұрысты, аттардың дүбірлі шабысын шебер жеткізе білген” [16, 79 б.] - дейді зерттеуші Қ.К. Бижанов. Демек, жырды орындау барысында жыршының салған мақамы да диалогтың дамуына үлкен әсерін тигізеді. Диалог құрып отырған екі адамның іс-әрекеті, әйел, еркектігі олардың дауыс ырғағын мақам арқылы келтіре салуы да тыңдарманның шабытын оятады.

Р.Бердібаев: “Сұлтанбек жыршы жұрттың тілегін анық біліп болған соң, ұзаққа шабатын жүйріктей көсіле жөнелетін. Бір жырдың өзін бірнеше сұлу мақаммен айтатын. Оқиганың мәніне, бағытына, бұрылыстарына және жыршының шабытына орай әуеннің де ырғағы өзгеріп, кейде жоғарылап, кейде төмендеп құбылып отырады. Жырдың әрбір бөлімінде дауыс екпіні, әуездің құлпыруы тыңдаушыны жалықтырмайды, попури орындаған музыкант немесе кезектескен кино кадрлары секілді құбылыс елді ынталандыра түседі. Сахалардың олонхусуттары мен қырғыздардың манасшылары жырды тақпақтап толғағанда елдің қызығуы әсте төмендемейтіні эпостың ұлы идеясы мен ғажайып көркемдігіне байланысты. Сұлтанбек жыршы “Қыз Жібекті” немесе “Шора батырды” айтсын, кемінде бес-алты тамылжыған терме, ән сазын қайталап отыратын. Сонда бір жағынан, жұрт жақсы жырдың мазмұнынан ғибрат алса, екінші жағынан, операдағы бірнеше әншіні тыңдағандай ләззат алатын... Кейбір мезеттерде халайықтың жырдағы оқиғалар ауқымына берілгендігі соншалық – ағыл-тегіл жылап отырғанын көресің... Ол кейде жиналған жұрт терменің қоңырқай жорғасынан жалыққандай болды-ау деген кезде дауысты күрт көтеріп, биік әнге салатын”,-дейді [6, 52 б.]. Жыраулық өнердің табиғатына қатысы бар заңдылықтың бірі – жырау мен тыңдаушының арақатынасы. “Тартымды сөзді кім сөйлесе, жартысы - өзінікі, жартысы – кім тыңдаса сонікі”, - дейді халық мәтелі. Әдетте жырау атаулы тыңдаушысының көңіл-күйімен есептеспей отыра алмаған. “Жазушы мен оқушының байланысы кітап арқылы ғана болса, ал жыршы мен тыңдаушы әрдайым бетпе-бет отырады. Олардың

байланысы анағұрлым тығыз, бір-біріне тигізетін әсері де даусыз. Ауызша айтылып таралған поэзия тыңдаушысыз тұмақ емес және сол ортаның ой-сезімін, көңіл-күйін білдіретін жыршы, ақынсыз тыңдаушы да жоқ. Сондықтан халық поэзиясында орындалатын шығармаға екі жақты әсер болады. Тыңдаушы енжар оқушы емес. Ол творчестволық процестің тікелей куәгері. Көз алдында туған өнерді бағалай отырып ол батырлық жырдың қалыптасуына белсене араласады. Ауызша шығарылып таратылатын поэзияның ортақ ерекшелігі осында”,-дейді М.Әуезов [17, 111 б.].

Академик Б.Я. Владимирцов айтады: “Ойрат эпосын әрбір жыршы өзінше өңдеп, жаңартып, жақсылап жырлау үшін жыршыны ықыласпен тыңдап, көтермелеп отыратын топ, жиын тыңдаушы керек, онда, жыршы рухтанып, тасып, өзін ұмытқандай жырын қызықтап айтып кетеді”[18, 18 б.] -дейді. Демек, диалогтар сұхбаттастығының эстетикалық байлығы диалог жарыспалылығына карағанда көп өрнекті, айшықты болып келеді. Оның көңіл-күй салтанатына тигізетін әсері де айрықша. Себебі, диалогтар сұхбаттастығына рухани салтанаттылық тұтасымен қатысады.

Тыңдаушысын таппаған сөз жетім. Жырдың мақсаты тыңдаушысын жетілдіру, оның азаматтық келбетін жасау, мақсат мүдделерін айқындап беру. Ғалым О.Нұрмағамбетова “жыршы мен тыңдаушы өмірді жасаушы біртұтас құбылыс” екенін айтқан [10, 147 б.]. Көптеген еңбектерде осы тұтастыққа байланысты, жыршы репертуарының сан алуандығы, оның артистік қабілеті, түрлі эмоциялық сәтгер, тыңдаушының қолпашы т.б. мәселелер тәтпіштей жазылған. Б.М.Жүсіпов өзінің кандидаттық диссертациясында осы мәселені айта келе “біздің мақсат жыршы мен тыңдаушының ортақ бейнесін жасау” дейді [9, 147 б.]. Ғалым Б.М. Жүсіпов өз еңбегінде біршама жыршы мен тыңдаушы арасындағы ортақ бейнені жасауға тырысқан.

Жыр бастамас бұрын халық пен жырау арасында диалог болады деген сөз. Халық қандай жырды тыңдағысы келетінін де кейде айтып қалады. Өз руының батырларын, жасаған ерліктері туралы да жыр тыңдағысы келсе, жыршы немесе, жырауға өтініш білдіреді. Бұның бәрі рухани салтанаттылықты туғызу барысындағы дәнекер орындаушының дайындығы. Тыңдаушысының айызын қандырып көңіл-күй салтанатын ояту үшін ол нағыз халықтың көңілінен шығатын жырларды таңдайды. Өздері айтатын жырлардың ерекше қасиетін жақсы білетін жыраулар ең алдымен тыңдаушысын сол жырларды жалықпай қызыға тыңдауға дайындап біраз қызықтырып, құнықтырып алады. Содан кейін барып жырау ұзақ желілі жырын бастап оны үзбей, бұзбай ұзақ таңға жырлауына болады.

Орындаушылар арнайы тыңдаушыларды да шақырады. Олар тайпаның ақсақалдары болады. Аukatты адамдар орындаушының қызметіне арнайы талаптар да қойып отырады. Ауыл ақсақалдары жыраудың орындайтын орнын көрші ауылдарға айтқызады. Дастанды таңдау тыңдаушы немесе мерекені ұйымдастырушыға байланысты болады”[19, 67 б.] - дейді С. Бахадырова.

Қорыға айтсақ, жыршы мен жыраудың арасындағы негізгі байланыстың тууына, әрине, жыр себепші болады. Жырдың ұрпақтан ұрпаққа ұмытылмай жетуі, осы “диалогты туғызушы тұлға” – орындаушы екендігін, оған осылай шартты ұғым беретінін нақты ғылыми тұжырымдарымен дәлелдей отырып, ұсындық. Және осы үш эстетикалық категория (жыршы-тыңдарман-орындаушы) арасындағы шығармашылық байланысты біршама зерттей келіп, олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар екендіктерін анықтадық.

Әдебиеттер

- 1 Кенжеғараев Н.Ж. Қазақ әдебиетіндегі автор мен тыңдаушы (ХҮ-ХҮІІІғғ): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Түркістан, 2007. – 139 б.
- 2 Фольклор шындығы / Жауапты ред. Бердібай Р. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
- 3 Әлібеков Ш. Қазақ фольклорының эстетикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 128 б.
- 4 Садырбаев С. Жыр және жырау // Фольклор және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1976. – 152 б.
- 5 Дүйсенбаев Ы, Хусайынов Ш. Қазақтың ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр драмалық элементтер // Қаз ССР. Ғыл. Акад. Хабаршысы. – Алматы, 1948. – № 4.
- 6 Бердібай Р. Саркышмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983.
- 7 Боров В.Ю., Коваленко А.В. Культура и массовая коммуникация. – М.: Наука, 1986. – С. 301.
- 8 Кривцун О.А. Эстетика. – М.: Аспект Пресс, 1998. – С. 430.
- 9 Жүсіпов Б.М. Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі: филол. ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 1999. – 161 б.
- 10 Нұрланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алматы: Наука, 1987. – С.174.
- 11 Тіл мен мәдениет. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
- 12 Әбіл Ж. Қазақ комедиясы: Генезисі мен жанры // Монография. (Оқу құралы) – Алматы: Ғылым, 2000. – 272 б.
- 13 Қоңыратбай Т. Ел мұрасы. Фольклор. Әдебиет. Өнер: Оқу құралы.- Алматы: МерСал, 2003. – 332 б.
- 14 Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.
- 15 Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. – 1896. – Т.V. – С. 4.
- 16 Бижанов Қ.К. Қазақтың драмалық фольклоры: филол. ғыл.канд. ... дисс. – Алматы: 1997. – 131б.
- 17 Әуезов Мұхтар. Шығармалар. Он екі томдық. Мақалалар, зерттеулер . – Алматы: Жазушы, 1969. – Т. 11. – 480 б.
18. онголо-ойратский героический эпос / Перевод и вступительная статья Я.Владимирцова. – М., 1923. – С.18.
- 19 Бахадырова С. Қыр театрының симфониясы: Қарақалпақ жырауларының орындаушылық шеберлігі // Түркология журналы. – Түркістан, 2003. – 66-76 б.б.

Summary

The paper discusses the basic concepts proven by scientific analysis, the main connection between the epic narrator and zhyrau (epic singers) which is also known as zhyr (epic, epic poetry), transition of zhyr from generation to generation, and "personality of the dialogue creator" - who is the storyteller. Dwelling on the category of narrator and listener, sought to identify the main connection between them. Examining the creative connection between the three aesthetic categories (the narrator of the epic - the listener - storyteller) revealed the inherent features of them.

Özet

Makalede eserlerde olan destan anlatıcı – dinleyici – resim arasındaki bağılılığı araştırarak, onların eserdeki özellikleri incelenerek sunulmuştur.

Резюме

В статье рассматривается, основные понятия доказанные научными анализами, основной связью между сказителем эпоса и жырау конечно же является жыр, переход жыра из поколения в поколение, «личность создателя диалога» - является рассказчиком. Остановливаясь на категории рассказчика и слушателя, старалось выявить основные связи между ними. Исследуя творческую связь между тремя эстетическими категориями (сказитель эпоса - слушатель – рассказчик) выявили своиственные им особенности.

